

## ТАМДЫ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАЛДАУЫ

Оқу мен тәрбие егіз, оларды бір – бірінен бөліп қарауға болмайды. Ұлы данамыз Әл – Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» десе, ал В. Белинский «Бала тәрбиесіне ерекше мән берілуі керек, тәрбиенің арқасында болашақ адамзат тағдырының негізгі мәселесі шешіледі» деп білгірлікпен дөп басып айтқан.

Бала тәрбиесі — өте күрделі процесс. Оның күрделілігі бесіктен бастау алып, үнемі уақытпен, бала көңіл – күйімен, жеке қабілетімен, икемділігімен, тізгінді үнемі қадағалау қажеттігімен ұғындырылады. Ойлап қарасак, тәрбие баланың бал дәуренінен бастап азамат болғанға дейін тәні мен жанына төрт – бес арнамен құйылады.

Еліміздің ірге тасы берік қаланып, экономикасы жедел қарқынмен алға басып дамуы кезінде, жас буынға білім және тәрбие беріп жатқан мектептеріміздің алатын орыны ерекше.

Әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шыңдалатындығы өмір шындығы. Бүгінгі мектеп оқушылары, ертеңгі ел тізгінін ұстайтын, оны алға апаратын азаматы болғандықтан, мектептердің дамуымен оның ертеңгі көк жиектері тәуелсіз мемлекетімізбен қоғамның басты назарында.

Сондықтан да оқушылар арасындағы тәрбие жұмысын жоғары деңгейде ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін тәрбие жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145шығыс хатымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері», Ақтөбе облысындағы 2019 жылғы 19 тамыз №252бұйрығына қосымша тәрбие жұмыстарының 2019-2024 жылдарға арналған бағыт-бағдарламасын, Ақтөбе облысының әкімінің 2018 жылғы 04 мамырдағы №180 бұйрығын, Қ.Р.Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру жобасын» басшылыққа ала отырып мектебімізде тәрбие жұмысының іс-шаралар жоспары 8 бағыт бойынша жасалынды.

Жоспар мектептің қоғамдық беделін көтеруге, қазіргі заманғы тәжірибе және отандық дәстүр негізіндегі тәрбие құрылымы мен мазмұнын жанартуға, тәрбие және оқу процесіндегі үйлесімділікті қолдануға, қоғамдық және отбасылық тәрбиеге бағытталған.

2022-2023 оқу жылында 28 сынып жұмыс жасады. 28 сынып жиынтығында барлығы 387 бала білім алды. Сынып жетекшілерінің жеке қабілеттеріне қарай сегіз бағытты бөліп жоспарлау, жылына 34- сағат болса, 8 бағыт кем дегенде үш реттен бөлінді. Аптасына бір рет өткізілетін тәрбие сағаттары белгілі бір бағытқа ал, апталықтар белгілі бір күнге мемлекеттік мерекелерге арналды. Сондай-ақ мектептен тыс мекемелер істеріне қатысу мен рейдтер, байқаулар, жарыстар өткізу болды.

2022-2023 оқу жылының тәрбие жұмысының жоспарына, айлықтардың, мемлекеттік және ұлттық мерекелердің, атаулы күндер мен каникул күндерінің ұйымдастырылуы мен жүргізілуі негізінде патриоттық сананы қалыптастыру; отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау; рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру; құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту; жалпы адамзаттық қасиеттердің негізінде көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру; салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыру міндеттері жүзеге асырылды.

Жоспар бойынша келесі бөлімдер қамтылды:

Мектеп жұмысы тәрбие жұмысының орталығы ретінде: жалпы іс-шаралар;

2. «Жасұлан мен жасөспірімдер» ұйымы, үйірме жұмыстары;

3. Мектептен тыс ұйымдармен жұмыс;

4. Ата-аналармен жұмыс;

5. Сынып жетекшілердің жұмысы;

6. Психологпен жұмыс;



7. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс.

8. Мектепшілік басқару мен бақылау;

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында

«Қоғам құндылығы» арнайы жобасы аясында біртұтас ұлттың бәсекеге қабілетті, сындарлы, күшті, шығармашылық, патриот және белсенді тұлғасын қалыптастыру. «Қоғам құндылығы» арнайы жобасы 4 жоба бойынша 1.Дәстүр мен Ғұрып, 2.Еңбек елдің мұраты. 3.Құқық негіздері. 4.Үнем қоғам қуаты арнайы жобалары негізінде мектебімізде «Құқықбұзушылықтың алдын алу» Қыздармен жұмыс, «Жасөспірімдер арасында қылмыстың көбеюіне қоғам кінәліме?» «Құқық және заң» «Ғаламтордың пайдасы мен зияны», «Құқық мәдениеті», «Ұлттық салт дәстүр», «Сәлем сөздің анасы», «Еңбек бәрін жеңбек», «Мамандығым мақтанышым», «Салт дәстүрім салтанатым», «Ұлттық қазынамды мақтан етемін», «Адалдық, адамдықтың белгілері», «Менің құқықтық алаңқайым» т.б іс-шаралар ұйымдастырылды. 30 тамыз-Қазақстан Республикасының Конституциясы, күніне, орай ұйымдастырылған, «Ата-заңым-қуатым» атты кітаптар көрмесі

Мақсаты: Конституция туралы мағлұмат бере отырып, мемлекеттілігізді нығайту, ел экономикасын өркендету. Тәуелсіз Қазақстан елінің Ата заңын, қадірлеп, құрметтеуге, шақыру.

Көрмені таныстыру барысында кітапханашы қазақстандықтардың өмір сапасын жақсарту, еліміздің халықаралық абыройын асқақтату үшін көп жұмыс атқарылғаны туралы айтып өтті. Соның ішіндегі ең маңыздысы – осы жылдар бойы республикамызда бейбітшілік пен халықаралық татулықтың сақталуы екендігіне баса назар аударды. Бұдан соң оқушылардың құқықтық білімін нығайту мақсатында танымдық шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда: «Заңды білесің бе?» атты викториналық сұрақтар қойылды. 7 сынып оқушысы Әмірова Динара Ата Заң туралы өз ойын оқырмандармен бөлісіп, Қазақстанның табысты жолға түсуі еліміздің Конституциясына тікелей байланысты деген пікірін жеткізді. Оқу залында ұйымдастырылған «Ата заңым-қуатым» атты кітап көрмесіне қойылған кітаптар мен мерзімді басылымдарға шолу жасалды.

**Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Білім күні мерекесіне арналған іс – шаралар жоспары Білім күні салтанатты жиын, «Алтын заң алтын дінгегім, Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз, Мамандық таңдау-ертенді ойлау тақырыптарында» алғашқы сабақ, «Денсаулық фестивалі-2022» спорттық жарыстар, «Отбасы – бақыт мекені» атты апталық, «Тілім, менің айбыным» Тілдер мерекесіне байланысты шаралар өткізілді. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу айлығы ұйымдастырылып, мектеп психолгі мен әлеуметтік педагогі оқушылардан сауалнама алып ата-аналарымен байланыс жасап мектепшілік және ІІБ-де есепте тұрған оқушылар тізімін анықтады. Мектеп айналасын абаттандыру айлығы өткізілді.

2022 жылдың 30-қараша күні Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президент күніне орай өткізілген іс шаралар: Жас ұрпақты өз елінің тәуелсіздігі үшін күрескен қаһармандарын құрметтеуге, адамгершілік сезімдерін қалыптастыру арқылы отаншылдыққа, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға, ел мен жердің қадір – қасиетін ұғындыруға тәрбиелеу мақсатында мектебімізде Қазақстан Республикасының 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Осы жоспар аясында біршама іс-шаралар атқарылды. Атап айтқанда, 2022 жылдың 06-14 желтоқсан күндері кітапханашы А. Ұзақова мектеп кітаханасында «Тәуелсіздік- Мәңгілік Ел мұраты» тақырыбында кітаптар көрмесін ұйымдастырды. Көрменің басты мақсаты- оқушыларға отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншілігін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру мен өз елінің тарихын сыйлауға үйрету болды. Бастауыш сынып жетекшілері 11-14 желтоқсан күндері «Менің Қазақстаным-менің болашағым» атты сынып сағаттарын өткізді. Сабақтар әр алуан формада өтті. Сынып сағаттарының



мақсаты- оқушыларды еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жеткен жетістіктерімен таныстыру, әлем таныған ел екенін дәлелдеу болды. 5-11 сынып жетекшілері «Біз Тәуелсіз елдің болашағымыз» атты бірыңғай ашық тәрбие сағаттарын өткізді. 13 желтоқсан күні «Мен бақытты ұланмын» тақырыбында мектепшілік «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымы қатарына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді. Салтанатты жиынды мектеп директоры құттықтау сөз сөйлеп, ардагер ұстаздар, тәжірибелі мұғалімдер ұйымға жаңадан қабылданған оқушыларға галстук пен төсбелгіні тақты. Ұйым мүшелері анттарын айтып, ережелерімен таныстырып, гимнін айтып ұйымға қабылданды. Салтанатты жиынға «Жас ұлан» ұйымы мүшелері өз флешмобтарын тарту етті.

**Қорытынды:** Жоспар бойынша барлық шаралар жүйелі түрде, жоғары деңгейде өткізілді.

**Ұсыныс:** Келесі оқу жылында қалалық, облыстық әскери-патриоттық сайыстарға белсенді қатынасу арқылы, нәтижеге жету  
Екінші бағыт–Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты:

Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру. Мектебімізде 2022 жылғы 1 тамыздан бастап 30 қыркүйекке дейінгі аралықта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жаңа оқу жылы қарсаңында «Менің таңдауым- балаларға көмек көрсету» ұранымен "Мектепке жол " дәстүрлі жалпы республикалық акция өтті. Акцияның мақсат – аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін материалдық және басқада көмек көрсету. Осыған орай мектебімізде Жалпыға бірдей міндетті оқу айлығы мен «Мектепке жол» акциясының жоспары жасалып, сол жоспар бойынша іс-шаралар атқарылды. Атап айтқанда, ауылдағы 0-18 жас аралығындағы балалардың тамыз есебі жасалды. Мектеп оқушыларының сабаққа дайындығын бақылау мақсатында сынып жетекшілер мен мектеп әкімшілігі оқушылардың үйіне рейдтер ұйымдастырды. Мектеп оқушыларының сабаққа дайындығын анықтау мақсатында мектеп әкімшілігі сынып жетекшілерімен бірлесіп оқушылардың үйлерін аралап, сабаққа дайын емес, материалдық көмекке мұқтаж оқушыларды анықтады. Рейд қорытындысы бойынша шаруа қожалықтарында, алқаптарда жұмыс жасап жүрген, сондай-ақ кешкі мезгілде ата-анасының қадағалауынсыз қалған балалар анықталған жоқ.

Қазан айы 1 қазан қарттар күніне орай, оқушыларға рухани –адамгершілік тәрбие беру мақсатында «Дария – теңіз, тау мүсін, қарттарым аман-саумысың?» атты қарттар күніне арнап ауылымыздың қарт кісілерге арнап сыйлықтар табысталды. Сол жоспарға сәйкес іс-шаралар атқарылды.

**Қорытынды:** рухани-адамгершілік бағыттағы шаралар жоспарға сай өткізіліп, тәрбие сағаттары мен шаралар барысында оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттер қалыптасуға ықпал етілді.

**Ұсыныс:** Рухани –адамгершілік бағытындағы шаралар санын арттыру.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты:Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу. Мектеп кітапханасы А.Ұзақова Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын іске асыру мақсатында желілік кестеге сәйкес 4 қазан күні «Ұлттық дәстүр- сарқылмас қазына» атты дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстелдің мақсаты- оқушыларға қазақ халқының салт-дәстрі мен әдет-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру, оқушылардың бойына адамгершілік, имандылық қасиеттерін, халық өнегесін үйрету болды.



**Қорытынды:** Ұлттық тәрбие бағыты бойынша жоспарға сай шаралар жоғары деңгейде өткізіліп, оқушылар бойына ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық қасиеттер қалыптасты.

**Ұсыныс:** Ұлттық тәрбие бағытында қалалық, аудандық деңгейдегі сайыстарға қатынасып, нәтижеге жету. 8, 10 сыныптарының осы бағыттағы жұмысын күшейту.

Желтоқсан айында **Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салты және денсаулық тәрбиесі, Отбасы тәрбиесі, Қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру, Көпмәдениетті және көркемэстетикалық тәрбие** бағыттары бойынша Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмысына талдау, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік мерекесіне арналған шаралар кешені Оқушылардың тәрбиелілік деңгейін анықтау мақсатында диагностика жұмысын атқару (жарты жылдық диагностика). Диагностикалардың салыстырмалы талдауы негізінде екінші жарты жылдыққа арналған тәрбие жұмысының жоспарларына түзетулер енгізу. Халықаралық ЖҚТҚБ індетіне қарсы күрес күніне арналған шаралар, 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күні мерекесі тойланды, Ата-аналардың мектепшілік жиналысы, Өрт қауіпсіздігінің алдын алу айлығы аясында өткізілетін шаралар, Жаңа жылдық шырша мерекелері өткізілді.

Қаңтар айында **Отбасы тәрбиесі, Қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру, Көпмәдениетті және көркемэстетикалық тәрбие, Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салты және денсаулық тәрбие** бағыттары бойынша Қысқы каникулды ұйымдастырып, өткізуге арналған шаралар кешені, Жер-Ананы аялайық!, «Туған жер байлығын сақтайық!» тақырыптарына мектепшілік көркем шығарма және көркемсурет сайыс, Оқушылар конференциясы: «Діни таным мен білім негіздері», Қысқы спорт түрлерінен жарыстар «Менің кіші азиадам»:-шаңғы жарысы; -шайбалы хоккей;-шанамен сырғанау; -аққала соғу және камалды алу шаралары өткізілді

**Қорытынды:** Отбасы тәрбиесіне байланысты жоспарға сай ата-ана-аналар жиналыстары, шаралар, өз деңгейінде өтті

**Ұсыныс:** Болашақта да ата-аналармен жұмысты белсендіру

қпан айында **Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салты және денсаулық тәрбие, Экологиялық және Эстетикалық тәрбие** бағыттары бойынша «Мен және менің болашақ мамандығым» Аудандық, қалалық пәндік олимпиадаларға қатысу, Мектепшілік Жас музыканттардың аудандық, облыстық сайыстарына қатысу, Темекі шегудің алдын алу мақсатындағы шаралары өткізілді.

Наурыз айында **Рухани-адамгершілік тәрбиесі, Құқықтық білім беру, Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салты және денсаулық тәрбие, Рухани-адамгершілік тәрбиесі** бойынша Ел, Отан тақырыбындағы әдеби-көркем шығармалар, көркем сурет жазу конкурстары 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған іс шаралар Балалардың қоғамдық ұйымының жалпы мектепшілік жиыны «Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыбында плакаттар жазу конкурсы «Қош келдің, өз Наурыз!» жаңа жыл басын мерекелеу шаралары өткізілді.

Сәуір айында **Құқықтық тәрбие және білім беру, Азаматтық-патриоттық, құқықтық тәрбиесін беру, Экологиялық тәрбие, Отбасы тәрбиесі, Дене тәрбиесі, Рухани-адамгершілік тәрбиесі, Мамандық түрлері туралы мәлімет бере отырып, кәсіби құндылықтарды меңгеруге баулу, Өзіне-өзі қызмет көрсете білу дағдысын қалыптастыру, Құқықтық білімдерін жетілдіру және адам-қоғам арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру, Құқықтық білім беру, Қоршаған ортаны қорғау және сақтау қабілеттерін қалыптастыру, Шығармашылық қызметтегі өздерінің дербестігін көрсету қарым-қатынасын орнату және оларды дамыту, үйлестіру тәрбиесін беру, Мектеп пен отбасының өзара қарым-қатынасын қалыптастыру, Денсаулық қалыптастыру, Оқушылар арасындағы келенсіз оқиғалардың алдын алу бойынша**



Мамандық таңдау айлығы аясында өткізілетін шаралар кешені, Тазалық айлығы, Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу айлығы аясында ұйымдастырылатын шаралар, Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу айлығы аясында өткізілетін шаралар кешені, Жер күніне арналған экологиялық конференция, «Күлкі керуені»-көрші мектептердің КТК мүшелерімен бірлесе өткізілетін көңіл көтеру кеші, «Оқушының білім сапасын арттырудағы ата-ана мен мектептің біріккен әрекеттері» тақырыбында мектепішілік конференция, Президенттік тест нормативтерін тапсыру, «Мен өмірді қалаймын!»-психологиялық тренингтер өткізілді.

Мамыр айында **Рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық тәрбиесі, Патриоттық тәрбие беру, Азаматтық тәрбие, Рухани-адамгершілік, азаматтық тәрбиесі, Зерттеу жұмыстары, Ақыл-ой қабілеті мен білім алу құлшынысын қалыптастыру, Адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, Экологиялық, адамгершілік тәрбиесі, Патриоттық тәрбиесін беру, Отансүйгіштік, елжандылық, патриоттық тәрбиесін беру, Ұлт аралық татулық, толеранттық сезімдерін қалыптастыру** бағыттары бойынша «Бірлігіміз жарасқан!» тақырыбымен мектеп орналасқан аймақта өмір сүріп отырған түрлі ұлт өкілдерімен кездесу кеші, «Ешкім де ештеңе де ұмытылмайды!» патриоттық тәрбие беру айлығы аясында өткізілетін шаралар кешені, «Ұлан» патриоттық ойынын өткізу, «Менің ағашым» акциясына өткізу, «Соңғы қоңырау» мерекесі, Оқушы тәрбиелілігі деңгейін жылдық қорытынды анықтау диагностикасы өткізілді.

Ата-анамен жұмыс жүргізудің ең қолайлы түрі ата-аналар жиналысы. Сондықтанда ата-аналардың мектеппен ынтымақтастығының басты баспалдақтарының бірі – оқу жылында 3 рет өткізілетін жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы болып табылады. Биылғы оқу жылында мектепішілік ата-аналар жиналысы 3 рет болды: қараша, қаңтар және мамыр айларында. Мектепішілік ата-аналар жиналысында барлық ата-анаға тән мәселелер қаралды, яғни ҰБТ, оқушылардың құқықтары мен міндеттері, қыс мезгіліндегі балалардың өмір қауіпсіздігі, ата-аналарға арналған мектепішілік ереже, жөндеу, демалыс, жазғы демалыс, мектеп бітіру кеші және соңғы жылдары өте жиі белең алып жатқан проблемалардың бірі – суицид мәселесі туралы және мектепте ата-аналар кеңесінің құрамын сайлау туралы. Ата-аналар мектепте ұйымдастырылған барлық мерекелік іс-шараларға қатысып, белсенділік танытып отырады. Мектепте жалпы ата-аналар комитетінің жұмыстары өз деңгейінде жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, жалпы ата-аналар жиналысы тоқсан сайын өткізіледі. Мектепішілік ата-аналар жиналысында «Бала тәрбиесі - баршаның ісі», «Мектеппен ата-аналар байланысы неге аз?», «Тәртіптің ең тамаша мектебі», «Әкеден –ақыл, анадан- мейір» атты баяндамалар оқылып, әр ата-ана өз ойларын ортаға салды. Ата-аналардың қатысуымен «Менің жанұям – менің қорғаным», «Әкеге қарап ұл өсер!», «Толағай» отбасылық сайысы, «Әкем, шешем және мен» дәстүрлі эстафетасы т.б. сайыстар жүргізу жұмысы назардан тыс қалған емес. «Жаңа жыл кеші», «Наурыз» мерекесін тойлауда мектебіміздің ата-аналары өте белсене қатысады. Ұлттық өнерді, ұлттық нақышты жасөспірімдердің бойына сіңіруде ата-ананың қосатын үлесі зор.

**Ұсыныс: 2023-2024 оқу жылына тәрбие жұмысы бойынша ұсыныс**

*1. Қ.Р. Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған « Құндылықтарға негізделген білім беру жобасын » басшылыққа ала отырып бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып жүргізілген жұмыстарды қорытындылай отырып, мектептің тәрбие жұмысының іс- тәжірибесін жинақтау.*

*2. Сынып жетекші оқушылардың қызығушылығын арттыру бағытында тәрбие сағатына жаңа технология элементтерін қолдану.*

*3. Жаңа оқу жылында мектепішілік шараларға жасаушыларға оқу жылының басында түсінік жұмыстарын жүргізіп, ертерек қажетті материалдарды жинақтауға мүмкіндік жасау.*



*4. Мектеп пен ата-ана байланысын нығайту үшін түрлі отбасылық сайыстар өткізу, сыныптағы жиналыс формаларын өзгерту арқылы ата-аналардың жиналысқа қатысу деңгейін көтеру.*

*5. Шығармашыл, жаңашыл сынып жетекшілердің тәжірибесін тарату, басылымдарға жазу.*

*6. Көпмәдениетті көркем эстетикалық бағыттың жұмысын жандандыру, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды күшейту*

**2022-2023 оқу жылына SWOT - талдау**

**Мықты жағы:**

Мектеп оқушыларының тәрбиелік деңгейінің жоғарылығы. Жалпы құқықбұзушылықтың орын алмауы. Оқушылардың мектепшілік іс-шараларға жүйелі түрде атсалысуы.

**Мүмкіндіктер:** Мектебімізде баланың бос уақытын тиімді пайдалану және жасөспірімдердің құқықбұзушылығын алдын алу мақсатында оқушыларды қызықтыратын үйірмелер жоспарланса. ( домбыра, би, шахмат. т.б)

**Әлсіз жағы:**

Ата-аналардың көбінесе мектеппен одақтаса алмайтындығы. Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайларының төмендігі.

**Қауіп -қатерлер:** Баланың бос уақытын тиімді пайдаланбау барысы мектеп оқушыларының тәрбиелік деңгейлерінің төмендеп кетуіне соғуы

**Орындаған: Сағымбаева Лаура Тельмановна**